

**«Германия Қазақстанда 2010» Жылының шеңберінде Астанада өтетін
«United Buddy Bears» көрмесінің ашылуына арналған Берлин қаласының
Басқарушы әкімі Клаус Воверайттың құттықтау сөзі**

Берлин қаласының қайта қауысуынан кейін 20 жыл бойы бүкіл әлем суретшілерімен әшекейленген 140 шыныпластиктен жасалған аюлар мүсіндері жер шарында өздерінің саяхатын жалғастырып жүруде. Халықтарды біріктіретін «United Buddy Bears» жобасы «Германия Қазақстанда 2010» Жылының бөлігі болып Қазақстанның Елордасында тоқтағанына қуанышымды білдіре отырып, Астана қаласына, оның тұрғындарына, көрмеге келушілердің барлығына шын жүрегімнен Берлин қаласынан сәлем жолдаймын.

Бадди аюларының әрқайсысы өнер туындылары – Берлиннің түрлі-түсті кішкентай кесектері. Олар барлығы адамдарды бостандыққа ұмтылу және халықаралық түсінушілікке шақырады.

Жақын арада біз Берлинде бүкіл әлемнен келген қонақтарымызбен Бейбіт революцияның және Берлин қабырғасының жығылуының 20 жылдығын тойладық. Қайта қауысуының бақытын еске түсіруі бізді 21 ғасырдың кедейлік, аштық, климаттың өзгерісі, табиғат ресурстарының күйзелісі мәселелерін шешуге талап етеді. Осы міндеттерді әлем қоғамдастығы тек қана бірлескен іс-әрекеттерімен орындай алады.

Біздің Бадди аюларымыз мыңдаған миль өтіп, көптеген елдерге саяхат жасаған кезінде сансыз келушілерге қуаныш әкелді. Әлемдік турне барысында олар «Берлиннің уәкілдері», жаһандық ұлттық және мәдени шегінің шеңберінен шығып кететін түсінушіліктің елшілері және мәдениет сан алуандығы пайда мен мүмкіндік орнында биік бағаланатын әлемнің елшілері болып табылады.

Мен аюларды әшекейлеген суретшілерге және Қазақстанда біздің халықтарымыздың жақын қарым-қатынастарын үзбей жалғастыратын азаматтарына, Бадди аюларының Германия астанасының сүйкімді елшілері жобаның бастамашыларына алғысымды білдіремін. Жобаның бастамашылары бүкіл әлемдегі мұқтаж болған балаларға көмек көрсетуге зор үлес қосты. Себебі сүйкімді Бадди аюларын жарыс саудада сатудан түскен ақша ЮНИСЕФ-ті және басқа балаларға көмек көрсететін ұйымдарды қолдайды.

Берлиндегі Бадди аюларының көрмесіне келетін Астана қаласының тұрғындарына және көптеген қонақтарына көрмені тамашалауды және ойластыруды тілеймін.

(қойылған қолы)

Клаус Воверайт
Берлин қаласының Басқарушы әкімі